

## **“Кұлып тақым” қария әлі көкпар тартады**

Ертеректе ел арасында кеңінен тараған ұлттық ойындар саны 200-ден астам болған көрінеді. Әйтсе де, ертегідегі Ерназар шалдың “Тоғыз ұлым бір төбе, Ер Төстігім бір төбе” дегені сияқты ұлттық ойындарымыздың ішінде көкпар тартудың шоқтығы биік. Көкпар десе делебесі қозбайтын, қаны қызбайтын қазақ кемде-кем. Білектілік, жүректілік һәм ептілікті қажет ететін осынау спорт түрімен айналысу ердің ерінің ғана қолынан келсе керек. Ал жасы жетпіс төртке келсе де, “жетпіс төртінші жылғы” жігіттей ат үстінде ерге қонып, көкпар тартып жүрген, ел аузында “Түлкібастың бір тартары” атанып аңыз болған Зұлпыхар Тайырбеков ақсақалдың әбжіл қимылын көргенде, таң қалмасқа шарамыз қалмады. Жақында, «Жас Алаштың» тапсырмасымен, айтулы көкпаршыны ауылына – ОҚО, Түлкібас ауданы, Елтай елдімекеніне арнайы іздеп барып, қазына қарияның ұлық ойын жайлы айтқандарын қағазға түсіріп алдық.

– Ақсақал, байқаймыз қай жерде көкпар болса, сол жерден табылып, аттан түспейтін сияқтысыз. Әйтсе де шау тартып қалғаныңыз көкпарға қойып кетуге кедергі келтірмей ме?

– Рас, қанға сіңген қасиет қой. Ең алғаш көкпарға он жасымда түскенім есімде. Міне, содан бері көкпар тартып жүргеніме 64 жылдан асыпты. Өткенде кемпірім: “Қартайғанда қойсаңшы енді, ажалыңа асығып жүрсің бе?” – деді шай үстінде назын айтып. Сол кезде теледидарда концерт болып, Ескендір Хасанғалиев, Нұрғали Нүсіпжановтар ән айтты. Мен иегіммен соларды нұсқап: “Ескендір, Нұрғалилар да әлі ән айтып жүр ғой”, – деп жауап бердім. Көкпарға бармасам ас батпай, ауырып қаламын. Сондықтан Қазақстан аумағында ұйымдастырылған ірі додалардан мейлінше шет қалмауға тырысамын. 2009 жылы жасымның жетпістен асқанына қарамастан “Ұлы дала ойынында” үлгі ретінде серкені тақымыма басып, атшабарды үш айналып шауып өттім. Ат спорты федерациясының басшыларына “ардагерлер арасында көкпар өткізсеңіздер” деген ұсыныс айтқан едім. Өкінішке қарай, әлі күнге қолдау таппай келеді.

– Ережесі өзгеріп, командалық жүйемен өтетін қазіргі көкпарға көңіліңіз тола ма?

– Мұның құжатын қырғыздар жасап, бекітіп (патенттеп) алды ғой. Енді өзгеріс енгізу-енгізбеу мәселесі солардың қолында. Жасырып қайтем, ұнамайтын тұстары жетерлік. Мәселен, қазандық биік орналасқандықтан аттарға обал. Қазандықтың қасында бірінің атын бірі соғып, жарақаттайды, ақыры бір көкпардан кейін тасырқап, ақсаған бірнеше ат екі-үш айға дейін қатарға қосыла алмайды. Екіншіден, жетекке алуды алып тастаса деген ұсынысым бар. Қазіргі көкпарда біреуі тақымына басса, екіншісі атын жетектеп, қалған екі командаласы жанынан қоршап, тартыссыз-талассыз қазандыққа салып қайтады. Ол ұпай алу үшін дұрыс тактика болғанымен, жалпы халыққа қызық емес. Сосын көкпарға

тартылатын серке 27-30 келі болуы шарт. Кейде 35 келілік серкелерді тартқызып жатады. Мұны да назарға алған абзал.

“Айтпаса сөздің атасы өледі” деген, қазір чемпионатта төрелік етіп жүргендердің көбі жас күнінде көкпар шаппаған азаматтар. Атын атап, түсін түстемей-ақ қояйын, іштері біледі ғой. Көкпарды танытамыз десек, “баласы басшылықта, інісі үкіметте қызметте екен” деп, кім болса соны төреші етудің арты жақсылыққа апармайтыны аян.

– **“Әулие ата” командасының намысын қорғайтын еліміздің маңдайалды көкпаршысы, ұлыңыз Жұлдызхан Тайырбеков бір көкпарда құлап қалыпты, сонда астындағы тұлпары төбе басында отырған сізге шауып келген деседі...**

– Ол бұрынырақта болған оқиға. Жұлдызхан серкені тақымына басқан бойда жүйткіп келе жатып, кілт бұрған сәтте ертоқымынан ауып түсіп қалды да, тұлпары маған қарай шапты. Мен қарғып міндім де, жерде жатқан серкені іліп алып қазандыққа салып қайттым. Бұл расында таңданыс тудыратын жағдай еді. Сол сәтте аттың ақылдылығы мен жасым жетпіске жақындап қалған маған көрсеткен жиналғандардың қошеметі ерекше болды.

Бұдан бөлек, көкпар аттарының ішінде Төлен замандасымның сары қасқа атына ризамын. Жануардың ақылдылығы соншалық, кез келген мықты көкпаршының тақымындағы серкені тістеп тұрып тартқанда жұлып алатын да, иесіне беретін.

– **“Әке көрген оқ жонар” демекші, жолыңызды қуған ұлыңыз Жұлдызханның Шымкенттің емес, Жамбыл облысының намысын қорғау себебін білсек деп едік...**

– Алдымен екі өңір көкпаршыларының ерекшелігін айтайын. Шымкент көкпаршылары епті, қызу қанды. Бірақ жаппай көкпарда серкені жіпке байлап үйреніп қалғандықтан, тақымдары бос келеді. Ал жамбылдық жігіттер серкенің аяғын ердің басына байламайды, таза тақымға салып тартады. Басында Жұлдызханды Шымкенттік көкпаршылар шеттетіп, аяғынан шалып, қатарларына қосқысы келмеді. Кейіннен “Әулие атаға” ауысып, өздеріне қарсы ойнап, сыпыра ұтқанда ғана мойындап, бармақтарын шайнады.

Жұлдызханның нағашы атасы Сәтбай Орта Азияға әйгілі мықты көкпаршы болған кісі. Өз заманында оның тақымынан көкпарды ешкім тартып ала алмайды екен. Ол кісі 1959 жылы Өзбекстаннан көшіп келгенін естігенде әкем қызын маған айттырып әперді. Сондықтан Жұлдызханның мықты көкпаршы болмауға хақысы жоқ. Басқа бес ұлым да көкпар тартады. Ауданаралық көкпарда бәрі атқа қонады. Жиырма немере, екі шөберем бар. Болашақта ұрпақ сабақтастығы үзілмейді деген үміттемін.

– **Қарап отырсақ, “Әулие ата” командасындағы “Лазер”, “Помидор”, ОҚО командасының “Алатау” атты атағы жер жарып тұрған көкпар аттарының барлығы Қырғызстаннан әкелінген екен. Сонда өзімізде мықты ат жоқ па, әлде атбегілеріміз осал болғаны ма?**

– Мойындауымыз керек, қырғыз ағайындардың аттары, атбегілік мектебі бұрыннан мықты. Бірақ бұл көкпар тартуда қырғыздар қазақтардан мықты деген сөз емес. Көкпарда ат пен шабандоз бір-біріне сай болуы керек. Бірі

мықты, бірі осал болып тұрса, бекерге бағы байланады. Өзім осы күнге дейін алпысқа жуық атпен додаға кіріппін. Жақсы ат болмаса көкпар шаппаймын. Шапқан күнімде қазандыққа салмаған кезім болған емес. Көкпарға қосатын аттың басы жеңіл, шоқтығы биік, шапшаң болуы керек. Мұндай аттарды көкпардан өзге мақсатқа мінбейді.

– **Ұлтымыздың ұлы перзенті Бауыржан Момышұлы: “Батылдыққа, ептілікке, бұлшық етті шынықтыратын, құмарлықты оятар, есеппен тәуекелге бел байлауға, тіпті, өзінің ары мен атағы үшін өлімге бас тігуге дейін баратын дәстүрлі ұлттық, спорттық ойын” деп баға берген көкпармен айналысуға кез келген жігіттің жүрегі дауалай бермейді. Жарты ғасырдан аса уақыт көкпар тартқан сіз жүректі екенсіз.**

– Оның рас. Көкпарда шауып жүріп аяқты да сындырдық, қолды да сындырдық. Екі рет естен танып қалып ауруханада ес жидым. Бірақ астымдағы атым сүрініп кетіп құлағаным болмаса, өздігімнен ер үстінен ауып қалған кезім жоқ. Жас күнімде қазақ, қырғыз, өзбектің мықты көкпаршылары тақымымнан серкені жұлып алған емес. Қолыма серкенің сирағы ілінсе, менің тақымыма басылатын. Жұрттың “Түлкібастың бір тартары”, “Тақымы құлып” атап кеткені сондықтан.

– **Өзбек, қырғыз демекші, суреттеріңізді ақтарып отырып Ресейдің Краснодар қаласында көкпар тартқаныңызды көрдік.**

–1981 жылы болатын. Шымкенттің “Күйік” совхозы қойдан және Алматының “Дегерес” совхозы жылқыдан “ең үздік совхоз” атанды. Соның құрметіне Алматыда көкпар ұйымдастырылды. Сол жерде көзге түскен болуым керек, мені Краснодардағы Одақ республикаларының ұлттық ойындарына алып барды. Оған дейін өткізілген екі жарыста қазақтар қырғыздарға есе жіберген екен. Сол жолы оларды күйрете жеңіп, мерейіміз үстем болды.

Сонымен қатар, әзірбайжандардың “Папах алу” деп аталатын ұлттық ойын түрінен де сынға түстік. Ережесі қарапайым: қос команда сапында жеті жігіттен, бір-бір қыздан атқа қонады. Қарсыластар бір-бірінің басындағы қалпағын жұлып алып, өз қыздарына беріп отырады. Уақыт аяқталғанда қайсы команда мүшелері жалаңбас қалса, солар ұтылады. Не керек, ережесімен сол жерде таныссақ та, жарыста әзірбайжандардың өзін ұтып кеттік.

– **Сіздіңше көкпарды дамыту үшін не істеу керек?**

– Қазір еліміздің футболшыларының жалақылары миллион теңге деп естиміз. Көкпар – командалық спорт түрі. Қиындығы мен қауіптілігі өзге спорт түрінен екі есе артық десем, ешкім дауласса қоймас. Сондықтан футболға жасалып отырған жағдай секілді, көкпарға да үлкен қамқорлық танытуымыз керек. Сонда ғана ұлттық спортымыздың тасы өрге домалайтынына, әр ауылдың қара домалақтары күнде көкпарға түсетініне сенімім мол.

**Сұхбаттасқан – Нұрболат ӘЛДИБЕКОВ, Жамбыл облысы.**

«Жас алаш» газеті